

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде « Кәмелет жасқа толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу » тақырыбында өткізілген жиналыстың

Хаттамасы

Өткізілген күні: « 19 » қараша 2025

Жиналыс түрі: Профилактикалық жиналыс

Қатысқандар:

- Мектеп әкімшілігі
- Сынып жетекшілері
- Әлеуметтік педагог
- Педагог-психолог

Қатысқандар саны: 28 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу.
2. Жыныстық тиіспеушілікке жол бермеу және балалардың жеке қауіпсіздігі.
3. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдары және оның алдын алу жолдары.
4. Ата-ана, мектеп және қоғамның бірлескен жауапкершілігі

ХАТТАМА № 5

Тақырыбы: «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі,
Қыздар сұлу көрінер қылығымен» атты қыздар жиналысы

Өткізілген күні: 27.11.2025 жыл

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар: 7-11 сынып оқушылары

Жауаптылар ДТДЖО: Б.Шеримбетова

Ұйымдастырушы педагог: Д.Байғанаева

Мектеп психологы: Ү. Қалмұратова

Күн тәртібі:

1. «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» тақырыбында кіріспе сөзі
2. Қыз бала тәрбиесіндегі әдеп пен мінез-құлық мәдениеті
3. Қыздардың өзін-өзі ұстауы, қылық, сымбат, сөйлеу әдебі туралы пікірталас
4. Қыз балаларға арналған арнайы тренингтік жаттығулар
5. Қорытынды сөз және ұсыныстар

Жиналыс барысы:

1. Кіріспе сөз

Жауапты педагог іс-шараның мақсаты, маңыздылығы туралы айтып өтті. Қыз бала тәрбиесінің ұлттық құндылықтармен, отбасылық тәрбие мен мектеп мәдениетімен тығыз байланысты екені атап өтілді.

2. Қыз тәрбиесі туралы әңгіме

Қатысушыларға қазақ халқындағы қыз балаға қатысты салт-дәстүр, үлгі-өнеге, инабаттылық, ибалылық туралы түсініктер берілді. «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» деген қағида кеңінен талқыланды.

3. Пікірталас ұйымдастырылды

Қыздардың жүріс-тұрысы, сөйлеуі, мінезі, болмыс мәдениеті туралы оқушылар өз ойларын ортаға салды. Қоғам алдындағы қыз баланың жауапкершілігі мен рөлі талқыланды.

4. Тренинг және тәжірибелік бөлім

Қатысушы қыздар үшін өзін-өзі таныстыру, сенімділік қалыптастыру, әдепті сөйлеу мен сымбатты жүріс бойынша шағын тренинг жүргізілді. Рөлдік ойындар арқылы жағдаяттар шешілді.

5. Қорытынды сөз

Іс-шара соңында мұғалім қыз балалардың қоғамдағы орны, тәрбиелі, инабатты, сыпайы болудың маңызы жөнінде қорытынды жасады.

Қатысушылардан ұсыныстар алынды.

Шешім

1. Қыз тәрбиесіне байланысты іс-шараларды жүйелі түрде өткізу.
2. Қыз балалардың тұлғалық дамуына бағытталған тренингтер мен кездесулерді ұйымдастыру.
3. Әдеп, сөйлеу мәдениеті, сымбат, өзін-өзі күту дағдыларын дамытуға арналған қосымша сабақтар өткізу.

Жиналыс төрайымы:



Б.Шеримбетова

Хатшы:



Анарбек Л

Маңағатай ауданының Ілияс Орынбасар атындағы мектебі.

арасында

«АИТВ- инфекциясының алдын алу және АИТВ- инфекциясымен өмір сүруші адамдарды құқықтық қорғау» тақырыбында
іс – шаралар өткізу

(дәріс, семинар, акция)

ХАТТАМАСЫ

« 9 » 09 2025 жыл

Мекеме басшысы (аты, жөні) Асқарбекова Айгүл Таширқызы
Мекен жайы: Маңағатай ауданы, Илияс Орынбасар 78
Телефон номері +7771 323 5675 (Медик)
Эл. почтасы _____

Баяндамашылар:

«Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК-ның маманы:

Тындаушылар:

Жалпы қатысушылар саны: _____

Күн тәртібінде:

1. АИТВ-инфекциясының әлем және Қазақстан бойынша таралуы, эпидемиологиялық жағдай.
2. АИТВ (адамның иммунитет тапшылығының вирусы), ЖИТС (Жұқтырылған иммунитет тапшылығының синдромы) туралы негізгі түсінік.
3. АИТВ- инфекциясын алдын алу жолдары. Салауатты өмір салты.
4. Анти Ретровирусты Терапияның мақсаты.
5. АИТВ инфекциясымен өмір сүруші адамдарды құқықтық қорғау.
6. Стигма, дискриминация туралы түсінік.

Іс шараның мақсаты – жастарға АИТВ-инфекциясы туралы шынайы ақпарат бере отырып, оларды қауіпсіз мінез-құлық дағдысына үйрету және АИТВ-инфекциясымен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Стигма, кемсітушілікті болдырмау.

«Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» маманының сөзі: АИТВ-инфекциясы анықталып, сипаттама берілгеннен бері біршама жыл өтті. Осыған карамастан адамдар әлі де болса жұқтыру мүмкіндігіне ие.

АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы. АИТВ инфекциясы ағзаға түскеннен кейін қан жасушаларына шабуыл жасап, CD4 деп аталатын немесе Т-жасушаларын зақымдайды. Бұл жасушалар ағзаны инфекциялардан қорғайтын иммундық жүйенің қалыпты қызмет етуінде маңызы бар. АИТВ- ол ауру емес тек вирус тасымалдаушы. ЖИТС – жұқтырылған иммун тапшылық синдромы, яғни, АИТВ -инфекциясы соншалықты иммундық жүйені әлсіретіп, адам ағзасында

бірқатар (инфекциялық және онкологиялық) аурулары дамығанда басталады. АИТВ - төрт биологиялық сұйықтық арқылы беріледі. Оның ең көп құрамы қанда, одан кейінгі жоғары құрамы шәует пен қынаптық сұйықтықта және ана сүтінде болады. Вирус, адам ағзасынан тыс жерде өте тұрақсыз. Сондықтан да ол күнделікті қарым-қатынас кезінде, мысалы, қол беріп амандасқанда жұқпайды. АИТВ сілекейде, терде, көз жасында, нәжіс пен несепте өте аз мөлшерде болады. Алайда, оның ортақ ыдысты, ортақ жаймаларды, ортақ ванна мен дәретхана пайдаланғанда, бассейнге бірге барғанда жұқпайды. АИТВ- маса және басқа да шыбын-шіркейлер шаққанда жұқпайды. Адам өзінің АИТВ жұқтырғанын қаншалықты ертерек білсе, ерте емделуді бастау мүмкіншілігі де болады. АИТВ инфекциясының даму қарқынын тежеуге қабілетті дәрі-дәрмектер қазіргі кезде бар. Қазіргі таңдағы емдеу әдісі АРТ (антиретровирусты терапия) деп аталады. АРВ терапия- адамның имунды қорғанышын қалыпты жағдайда сақтауға мүмкіндік береді, яғни өте ұзақ уақыт бойы аурудың ЖИТС-на ұласуын болдырмайды.

АИТВ- мен өмір сүруші адамдарды әлеуметтік және құқықтық қорғау ҚР заңнамалырында қарастырылған, “Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы” Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексінің 161-бабында «АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарды әлеуметтік және құқықтық қорғау» 2-ші тармақшада Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек шартын тоқтатуға, еңбек шартын жасасуға, білім беру ұйымдарына және әлеуметтік мекемелерге қабылдауға тыйым салуға, сондай-ақ АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың жақын туыстарының тұрғын үй және өзге де құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіруге жол берілмейді делінген.

Жастарды АИТВ-ның алдын алу шаралары туралы ақпаратты толық білуге, өз денсаулықтарына жауапты болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, психикалық денсаулығын сақтауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Кездесу барысында қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қозғалып, түрлі сұрақтарға жауап алынып, ұсыныс пікірлер тыңдалды. Тыңдаушыларға _____ дана буклет таратылды. Экспресс тест _____ жүргізілді.

Мекеме басшысы:



А. Аскарбекова

Жиналыс хатшысы:

А. Аскарбекова
(қолы)

Ангарова Т.

Баяндамашылар:

А. Аскарбекова
(қолы)

Аскарбеков Д.

8-11 класс оқушылар «Ертежастағы жүктілік болашаққа балта шабу» тренинг
хаттамасы

18.10.2024ж

Жиналысқа қатысқандар:

1. Мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. Мектеп педагог-психологы
3. Мектеп медбикесі
4. 8-11 сынып оқушылары: 60

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Ерте жүктіліктің алдын алу
2. Ситуациялық сұрақтар

Тыңдалды:

Ерте жүктілік және жасөспірім. Жас қыздардың ішінде ненін халал, ненін харам екенін, оның зардап, зиянын түсінбей жақсы көрген жігітпен жыныстық қатынасқа түсіп, кәмелеттік жасқа толмай жүкті болып қалатындар көп. Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік-ертежүктілік деп саналады. Ерте жүкті болудың зияны қандай? Қыз балалардың дене мүшелері 18 жасқа дейін қалыптасып өседі.

Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар? Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі – проблемадан сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жөні әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма? Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек. Балаларымызға ұл мен қыз баланың жыныс мүшелерінің анатомиялық-физиологиялық функциясының ерекшеліктерін ерте жастан түсіндіре беру қажет. Отбасында әкесі ұлына, шешесі қызына жыныстық қатынасты ерте бастаудың неге әкелетінін түсіндіру, сонымен қатар үлкендер жыныстық қатынасқа түсуін жасөспірімдерге көрсетпеуі қажет (бұл жыныстық қатынасқа ерте түсуіне себепші болады). Контрацепция мәселесіне келетін болсақ, онда жасөспірім қыздарға жүктіліктен және жыныс жолдарымен берілетін аурулардан сақтану әдістерін мұқият түсіндірген жөн. Жасөспірім қыздар алғаш рет қандай жағдайда жыныстық қатынасқа түседі, оған не себеп болады деген сауалға дәрігерлер мен психологтар, құқық қорғаушылар мынандай жауаптар қайтарады. Жасөспірімдердің алғашқы жыныстық қатынасқа түсуіне олардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері де, отбасындағы, мектептегі тәрбиесінің нашарлығы да, өмір сүретін өңірі, ортасындағы жағдайы, өзінің жыныстық қатынасқа ерте құмартқан белсенділігі, теледидар, ғаламторларды жиі көруі де себеп болады. Отбасындағы жасөспірімдер арасындағы психологиялық-эмоциялық атмосфера және отбасылық мәселелерді бірігіп шешу маңызды.

«Кім кінәлі?» тренингі.

Қатысушыларға 16 алты жасар қыздың аяғы ауыр болып қалғанын және бұған кім кінәлі екенін табу ұсынылады. Қатысушылар өз нұсқаларын айтады яғни ата-анасы, жігіт, қыз т.б. Осылай жауаптарына қарай топқа бөлініп не үшін сол адамды кінәлі деп есептейді соны түсіндіріп беру қажет.

Ұсыныс:

1. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтану, жыныстық сауаттылықты арттыру.

Мектеп директоры:  А. Аскарбекова

Педагог-психологы:  Ұ. Қалмұратова

Психопрофилактикалық жұмыстың хаттамасы

Іс-шараның атауы: «Салауатты ой – салауатты өмір»
(«Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?» тақырыбындағы психикалық денсаулық туралы ақпараттық кездесу)

Өткізілген күні: 09.10.2025 ж.

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар: 8–11 сынып қыздары

Өткізгендер: тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп медбикесі

Іс-шара барысы:

Кіріспе бөлім.

Іс-шараны тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ашып, оқушыларды «Салауатты ой – салауатты өмір» тақырыбымен таныстырды.

Ол салауатты өмір салтының әр адамның жеке жауапкершілігінен басталатынын, денсаулық – ең басты құндылық екенін атап өтті.

Әлеуметтік педагог оқушыларға репродуктивті денсаулықтың маңыздылығы туралы түсіндіріп өтті.

- Адамның өз денесін құрметтеу, жеке гигиенаны сақтау, өзіне және өзгелерге зиян келтірмеу – салауатты өмірдің басты қағидалары екенін айтты.
- Репродуктивті денсаулықтың психологиялық және әлеуметтік аспектілеріне тоқталды.

Келесі сөз кезегін психолог психикалық денсаулықтың адамның өмір сапасындағы маңызын түсіндіріп, ой мен сезімнің өзара байланысын талқылады.

- Эмоцияны басқару, стресске қарсы тұру және өзін-өзі реттеу дағдылары жайлы айтты.
- «Салауатты ой – салауатты өмірдің бастауы» ұранын мысалдар арқылы ашып берді.
- Оқушылармен шағын психологиялық жаттығу – «Салауатты ойлар ағашы» жүргізілді.

Мектеп медбикесі оқушыларға жасөспірім кезеңіндегі физиологиялық өзгерістер, жеке бас гигиенасы, дұрыс тамақтану мен ұйқы режимі туралы түсінік берді.

- Витаминдер мен таза судың маңызына тоқталып, зиянды әдеттердің (темекі, энергетикалық сусын, гаджетке тәуелділік) ағзаға әсерін түсіндірді.
- Репродуктивті денсаулықты сақтау – дене мәдениетін қалыптастырудан басталатынын айтты.

Топтық жұмыс және қорытынды. Оқушылар үш топқа бөлініп, «Физикалық денсаулық», «Психикалық денсаулық», «Репродуктивті денсаулық» тақырыптарында постерлер қорғады.

Кездесу соңында әр қатысушы «Мен өз денсаулығым үшін жауаптымын» деген ой түйді.

Қорытындылай келе, іс-шара мазмұнды өтті. Оқушылар салауатты өмір салтының маңызын, психикалық және репродуктивті денсаулықтың өзара байланысын түсінді. Қатысушылар белсенділік танытып, өз ой-пікірлерін ашық білдірді.

Ұсыныстар:

- Психикалық денсаулық апталығы аясында тұрақты ақпараттық кездесулер ұйымдастыру;
- Репродуктивті мәдениетті қалыптастыруға арналған бейнематериалдар мен буклеттер дайындау;
- Оқушылармен жеке және топтық психопрофилактикалық жұмыстарды жалғастыру.

Хаттаманы жасады: психолог:  Ұ. Қалмұратова

Қатысқандар:

- Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар _____ Б. Шеримбетова
- Мектеп медбикесі _____ Ұ. Алимкулова
- Психолог  _____ Ұ. Қалмұратова

Күні: 09.10.2025 ж.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің «Ерте жүктіліктің алдын алу» жұмысы бойынша өтілген жиналыстың

Хаттамасы

Қатысқандар : 9-11 сынып оқушы қыздары

Күн тәртібінде :

1.«Қыз баланың ерте жастағы жүктілігінің қауіптері мен салдары» баяндама

Мектеп мед бикесі Әлімқұлова Ұ

2 « Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі » баяндама директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б Шеримбетова

3 . Қыздарға арналған кеңес

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп мед бикесі Ұ .Әлімқұлова баяндама оқыды . Өз сөзінде ерте жүктілік тің қауіптеріне толықтай тоқталып , түсіндіріп өтті.Ерте жүктілік бұл жүктіліктің жасөспірім кезеңінде , әдетте 19 жасқа дейінгі қыздар арасында орын алуы екенін атап айтты. Ерте жүктіліктің негізгі мәселелері

Ана мен бала денсаулығының қауіптері ;

Бала денсаулығының проблемалары :

Психологиялық әсері ;

Әлеуметтік мәселелер;

Мақсаты : Қыздармен әңгімелесе отырып , ерте жүктіліктің қауіптерін ,салдарын түсіндіре келе әр нәрсенің өз уақытымен болғанын , жаман әдеттерге жоламай, өз өмірі мен денсаулығын сақтау қажеттігін ескерту

2.Екінші мәселе бойынша тәрбие орынбасары : Б. Шеримбетова өз сөзінде

Жастардың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып , болашақта ұрпақ қамын , ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуына жағдай жасау . Ұрпақ тәрбиесіне байланысты ата бабалар ілімдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершілікті арттыру .

3 . Мақсаты : Қыздармен әңгімелелесе отырып ,ар намысын ,пәктігін ,сұлулығын жоғары қоя біліп ,жұрт алдында абройлы болуға тәрбиелеу .

Нәтижесінде қыздар көкейінде жүрген сұрақтарына жауап алып ,өздеріне тың деректер алды

ДПЖО : *З.Ә.Ш.* Шеримбетова Б

Хатшы ; — Арапова Т

Психопрофилактикалық жұмыс хаттамасы

Іс-шараның атауы: «Қыз – отбасының көркі, қоғамның тірегі» қыздар жиналысы – тренинг

Іс-шараның түрі: Тәрбиелік-профилактикалық тренинг

Ұйымдастырушылар: Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, қыздар ұйымының жетекшісі, мектеп медбикесі

Қатысушылар: 7–11 сынып қыздары

Өткізілу күні: 19.12.2025 ж

Өткізілу барысы:

1. Кіріспе бөлім

Педагог-психологтың сөзі:

Мектеп педагог-психологы Ұ Қалмұратова қатысушылармен амандасып, жиналыстың мақсаты мен маңыздылығына тоқталды. Қыз баланың психологиялық саулығы, өзін-өзі бағалауы, жеке шекараны сақтау және өмірде дұрыс таңдау жасай білуі – болашақ тұлға қалыптасуының негізгі факторлары екені айтылды. Қыздардың еркін ой айтуына, өз пікірін ашық білдіруіне жағдай жасалатыны ескертілді. Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында «Шеңбердегі танысу» жаттығуы жүргізіліп, әр қатысушы өз есімі мен бір жағымды қасиетін атап өтті.

2. Негізгі бөлім

Педагог-психолог Ұ Қалмұратова «Мен – ерекше тұлғамын» жаттығуын ұйымдастырып, әр қыздың өзін жеке тұлға ретінде қабылдауы, өз бойындағы жақсы қасиеттерін тануы маңызды екенін түсіндірді. Өзін төмен бағалау, өзіне сенімсіздік жасөспірім шақта жиі кездесетіні, бұл болашақта түрлі психологиялық қиындықтарға алып келуі мүмкін екені айтылды. Талқылау барысында психолог:

- «Өзінді құрметтеу – өмірде өз орныңды табудың негізі»
 - «Өз құндылығыңды түсінген адам зиянды әсерлерге қарсы тұра алады» деген ойларды атап өтті.
- Қыздарға эмоцияны басқару, күйзеліс кезінде көмек сұрау, сенімді ересек адаммен ашық сөйлесудің маңызы түсіндірілді.

«Өмірлік жағдайлар» тапсырмасы арқылы қыздар нақты жағдаяттарды талқылап, өз құқықтарын қорғау, «жою» деп айта білу, күмәнді жағдайларда сенімді ересекке жүгіну қажеттігін түсінді.

Әлеуметтік педагог қыз баланың құқықтары заңмен қорғалатынын, зорлық-зомбылық пен қысымға төзуге болмайтынын ерекше атап өтті.

Келесі «Тәрбие орынбасары» Б.Шеримбетова қыз баланың қоғамдағы, отбасындағы рөліне, ұлттық құндылықтар мен әдептілік мәселесіне тоқталды.

Қыздың тәрбиесі – болашақ отбасының, ұлттың тәрбиесі екені айтылды.
Сөз барысында:

- қыз баланың инабаттылығы;
- жауапкершілігі;
- өзін сыйлай білуі;
- болашақ ана ретіндегі рөлі туралы тағылымды ойлар айтылды.

Сонымен қатар қазіргі заманда қыздардың білім алуы, өзін дамытуы, мақсат қоюы маңызды екені, рухани және мәдени құндылықтарды сақтай отырып, заманауи талаптарға сай болу қажеттігі түсіндірілді.

Мектеп медбикесі Ұ.Алимулова оқушылардың денсаулығы – болашақ өмірдің негізі екенін атап өтті.

Жасөспірім кезеңіндегі физиологиялық өзгерістер, жеке бас гигиенасын сақтау, дұрыс тамақтану, күн тәртібінің маңызы туралы толық мәлімет берілді.

Сонымен қатар:

- ерте жүктіліктің алдын алу;
- зиянды әдеттердің (темекі, энергетик, алкоголь) ағзаға әсері;
- репродуктивті денсаулықты сақтау мәселелері түсіндірілді.

Қыздарға өз денсаулығына немқұрайлы қарамау, қандай да бір сұрақ туындаса, медицина қызметкеріне немесе сенімді ересекке жүгіну ұсынылды.

3. Қорытынды бөлім

Педагог-психологтың қорытынды сөзі:

«Бір сөзбен» рефлексия жаттығуы өткізілді. Қыздар тренингтен алған әсерлерін айтып, өз ойларымен бөлісті.

Іс-шара соңында қыздарға өзін құрметтеу, жеке шекараны сақтау, қауіпсіз мінез-құлық ұстану және өмірде саналы шешім қабылдау бойынша қорытынды кеңестер берілді.

Қорытынды:

Қыздар жиналысы барысында қатысушылар белсенділік танытты. Қыз балалардың психологиялық әлеуметтік және денсаулыққа қатысты сауаттылығы артты. Іс-шара мақсаты толық орындалды.

Ұсыныстар:

- Қыздармен тәрбиелік-профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу;
- Қажет жағдайда жеке кеңес беру жұмыстарын жалғастыру;
- Қыздар ұйымы аясында тақырыптық кездесулер ұйымдастыру;
- Денсаулық сақтау және қауіпсіздік бағытындағы жұмыстарды күшейт

Педагог-психолог:

Ұ.Қалмұратова

Мектеп медбикесі:

Ұ.Алимулова

2025-2026 оқу жылындағы Құқық Кеңесінің отырысы

Хаттамасы №1

Қатысқандар: Кеңес мүшелері,

Қатыспағандар:

Күні:

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу 2025-2026 оқу жылындағы кеңес жұмыс жоспарын жасап, талқылау, бекіту

3. Оқушыларды мектеп ішлік есепке қою және есептен шығару ережелерімен танысу

4. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту

2. Ұйымдастырушылық мәселелері.

Тыңталы:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Шерімбетова сөз алды.

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексеру мақсатында құқық қорғау органдарымынның мамандарымен жиі кездесу жиналыстарын, зиянды заттар мен маскүнемдік және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттар, сайыс, т.б шаралардың көбірек болуына көңіл аудару керектігін баса айтып өтті.

Ол өз сөзінде отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесен, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ералиева сөз сөйледі.

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, сондай-ақ, неше түрлі зиянды заттарға әуестенбеуін қадағалау. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы заңға енген өзгерістер туралы баяндамасында айтып өтті. Оқушылардың себепсіз сабақтан қалмауын ата-аналарына ескерту керектігін айтып өтті.

Сонымен бірге Кеңес мүшелерімен танысып өтті.

1. Асқарбекова А - құқықтық кеңестің төрайымы, мектеп директоры;

2. Шерімбетова Б – ДТДҚО

3. Т. Арапова – кеңес хатшысы.

Кеңес мүшелері:

Қалмұратова Ү – мектеп психологі;

Кендірбаев Т – әлеуметтік педагог;

Д. Байғанаева - педагог ұйымдастырушы

М. Рысқұлбек – ата ана;


Досыбай Г. – 10 сынып оқушысы.

Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кәмелетке толмаған балалардың құқығы жөнінде құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастыру қатаң қолға алыну керектігіне тоқталды.

Тәртібінде ауытқуы бар жүйн оқушылардың жаңұжсын зерттеу мектеп психологы мен сынып жетекшілеріне жүктелетіндігін, жат, келенсіз жағдайлар кездескен жағдайды болдырмаудың жолын қарастыру мақсатында ішкі істер бөлімімен үнемі байланыста болу керектігіне тоқталды.

Шешім:

1. Өткен оқу жылындағы Кеңес жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Құқық Кеңесінің жұмыс жоспары және мүшелері бекітілсін
3. Мектеп инспекторымен бірлескен жұмыс жоспары бекітілсін
4. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіп, оқушыларды сыныптан тыс шараларға тарту.

Құқықтық кеңес төрайымы :  А. Аскарбекова

Кеңес хатшысы:  Т. Арапова

2025-2026 оқу жылындағы Құқық Кеңесінің отырысы

Хаттамасы № 2

Қатысқандар: Кеңес мүшелері.

Қатыспағандар:-

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. «Тәуекел» тобына жататын оқушылар мен олардың отбасы туралы мәлімет және оларды есепке алу.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейттік іс шараларға талдау.
3. Қыздардың үлгірімі мен тәртібі туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психологы сөз алды.
Оқушылардың арасында зерттеу барысында «Тәуекел» тобына жататын оқушылар және отбасының жоқ екендігі туралы, сонымен бірге тәуекел тобына жататын оқушы кездесетін болса, онда оларды есепке алу керектігі жөнінде айтылды. Оқушыларды үнемі назарда ұстал, бақылау керектігі жайлы да айтып өтті.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Шеримбетова сөз сөйледі.
Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, сондай-ақ, неше түрлі зиянды заттарға әуестенбеуін қадағалау. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы заңға енген өзгерістер туралы баяндамасында айтып өтті. Оқушылардың себепсіз сабақтан қалмауын ата-аналарына ескерту керектігін айтып өтті және аудандық білім бөлімімен жасалған кешенді жоспары туралы айтылды, талдап талқыланып, бекіту керектігін айтты.
Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кәмелетке толмаған балалардың құқығы жөнінде құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастыру қатан қолға алыну керектігіне де тоқталды.
3. Мектептегі «Қыз жібек» қыздар кеңесінің жетекшісі Б.Шеримбетова сөз алып қыздардың жалпы тәртібі және тазалығы мектептегі іс-шараларға қатысуы туралы айтып өтті.

Шешім:

1. Мектеп психологымен бірлесіп ары қарай зерттеу жұмыстары жасалсын.
2. Аудандық ішкі істер бөлімімен жоспар жасалып бекітілсін.
3. Қыздар жұмысы ары қарай қадағалансын.

Құқықтық Кеңестің төрайымы:
Кеңес хатшысы:



А. Аскарбекова
Т. Арапова

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Мектеп: Жанажол жалпы білім беретін мектеп

Сынып: 1-11 с

Күні: 18 наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: Мектептің акт залы

Қатысқандар: Сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі, мектепшілік есептегі оқушылардың ата анасы

Жиналыстың тақырыбы:

« Жасөспірімнің психологиялық қауіпсіздігі »

«Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ата-ана мен мектептің өзара ынтымақтастығы. "Қауіпсіз мектеп" акциясы аясындағы шаралар. Мектептің ішкі тәртіп ережелері. ҚР БҒМ №26 және №506 бұйрықтары»

Күн тәртібі:

1. Бала қауіпсіздігі – ортақ міндет ДТЖІО Шеримбетова
2. «Қауіпсіз мектеп» акциясы шеңберінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндама
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру
4. ҚР БҒМ №26 және №506 бұйрықтарының мазмұны және орындалуы туралы түсіндіру
5. Ата-аналар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар
6. Қорытынды сөз

Жиналыс барысы:

1. Б Шеримбетова жиналысты ашып, жиналған ата-аналарды күн тәртібімен таныстырды. Ол баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ата-аналар мен мектептің өзара ынтымақтастығының маңыздылығына тоқталды.

2. Мектеп директоры А Асқарбекова сөз алып, «Қауіпсіз мектеп» республикалық акциясының мақсаты – оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мектеп аумағында және жолда болатын қауіп-қатерлердің алдын алу екенін атап өтті. Осы бағытта мектепте атқарылып жатқан шараларға тоқталды:

- мектеп аумағының бейнебақылаумен жабдыкталуы;
- күзет қызметінің жұмыс істеуі;
- эвакуациялық оқу жаттығуларының өткізілуі;
- қауіпсіздікке арналған тәрбие сағаттары, ақпараттық стендтер.

3. Сынып жетекшісі мектептің ішкі тәртіп ережелерімен ата-аналарды таныстырды. Атап айтқанда:

- мектеп формасы тәртібі;
- ұялы телефон пайдалану ережелері;
- сабаққа келу/кету уақыты;
- оқушының мектеп ережесін бұзғандағы жауапкершілігі.

4. ҚР БҒМ №26 бұйрығы (2022 жылғы 30 қаңтардағы “Орта білім беру ұйымдары үшін үлгілік мектеп формасына қойылатын талаптар”) және **№506 бұйрық** (2016 жылғы 12 қазан, “Білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мінез-құлық қағидалары”) бойынша түсініктеме берілді. Бұл құжаттар мектеп оқушыларының тәртібі мен мектеп формасы туралы нақты ережелерді белгілейтіні айтылды.

5. Ата-аналар тарапынан келесі ұсыныстар мен сұрақтар айтылды:

- Мектепке кіре берістегі ата-аналарға арналған ескерту белгілерін күшейту;
- Танертең және кешке жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп маңына жол патрульдік полиция қызметкерлерін уақытша қою;

- Балаларға арналған қауіпсіз интернет туралы семинар өткізу.

6. Қорытынды сөзінде сынып жетекшісі ата-аналарға белсенділік танытқаны үшін алғыс айтып, баланың қауіпсіздігі отбасы мен мектептің бірлескен әрекеті арқылы ғана қамтамасыз етілетінін баса айтты. Барлық ата-аналардан ішкі тәртіп ережелерін сақтау және балаларды осы талаптарға сай тәрбиелеуде мектеппен бірлесе жұмыс істеу сұралды.

Қаулы:

1. Барлық ата-аналар мектептің ішкі тәртіп ережелерімен танысты.
2. «Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында жүргізілетін шараларға ата-аналар да қатысуға ниетті екенін білдірді.
3. №26 және №506 бұйрықтар негізінде мектеп тәртібін сақтау міндеттілігі ескертілді.
- 4.
5. Ата-аналар тарапынан ұсынылған қауіпсіздік шаралары мектеп әкімшілігіне жеткізілетін болды

Жиналыс хатшысы:



ХАТТАМА № 1

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында өткізілген түсіндіру жұмыстары туралы

Күні: 02.10.2025ж

Уақыты: 10:00–10:45

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысушылар: Педагог-психолог, Төлеби АПБ ЖПҚБ КТЖ УПИ полиция капитаны С.Ауелбек, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 7–11 сынып оқушылары

Хатшы: педагог ұйымдастырушы А.Таджибаева

I БӨЛІМ. Оқушылармен кездесу

Алғашқы сөз кезегін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Шеримбетова алып, «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы туралы таныстырды. Жобаның негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың психологиялық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мектеп пен құқық қорғау органдары арасындағы өзара байланысты күшейту болып табылады.

Жоба аясында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар білім беру ұйымдарына белгіленген кесте бойынша келіп, оқушылармен тұрақты профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері, интернеттегі қауіпсіздік, қоғамдық орындардағы тәртіп, зиянды әдеттердің алдын алу сияқты маңызды тақырыптар түсіндіріледі.

Сонымен қатар, жоба шеңберінде оқушылардан жиналған сұрақтар мен мәселелер психологтар тарапынан арнайы зерделеніп, қажет болған жағдайда жеке психологиялық көмек, әлеуметтік қолдау немесе құқықтық бағыттағы түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады.

Бұл бастама мектеп пен құқық қорғау органдарының бірлескен әрекетін арттыру арқылы оқушылардың қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне және олардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуына үлкен үлес қосады.

Келесі сөз кезегін мектеп психологы Ү.Қалмұратова алып, сергіту сәтін ұйымдастырды. Кездесу барысында педагог-психолог оқушылардың эмоционалдық жағдайын анықтау және сенімді қарым-қатынас орнату мақсатында «Бір сөзбен» атты қысқа сергіту жаттығуын жүргізді. Жаттығу ережесі бойынша әр оқушы өз көңіл-күйін немесе ішкі күйін *бір ғана сөзбен* сипаттап айтуы қажет болды.

жолдары, туындаган жағдайларда кімге жүгіну керектігі, интернеттегі және қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері, сондай-ақ қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша түсінікті әрі практикалық ұсыныстар айтылды. Мамандар әр сұрақты жеке қарастырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түсіндірме беріп, дұрыс әрекет ету жолдарын көрсетті.

II БӨЛІМ. Әкімшілікпен өткізілген талқылау

Кездесу аяқталғаннан кейін ИДН инспекторы, мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және педагог-психолог арасында жұмыс барысы талқыланды:

- Күнделікті түсіндіру жұмыстарының маңыздылығы атап өтілді.
- Күмән тудыратын сұрақтар психологтар тобына жолданатын болды.
- Мәлімет парақтарының орындалуы тексеріліп, журналға тіркелді.
- Тәуекел топтағы оқушылармен жеке жұмыстарды жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Қорытынды

Кездесу жоспарға сәйкес өткізілді. Оқушылар белсенділік танытып, маңызды сұрақтар қойды.

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасының маңыздылығы түсіндірілді, оқушылардың құқықтық және психологиялық сауаттылығы артты.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Б.Шеримбетова

Хатшы:

Педагог-психолог:

А.Таджибаева

Ү.Қалмұратова

ИДН инспекторы:

С.Ауелбек

ХАТТАМА № 2

«Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері.

Күні: 12.10.2025

Уақыты: 10:00–10:45

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысушылар: Педагог-психолог, ИДН инспекторы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 7–11 сынып оқушылары

Хатшы: тәлімгер: А.Таджибаева

I БӨЛІМ. Оқушылармен семинар

Алғашқы сөз кезегін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Шеримбетова алып, «Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері» тақырыбын таныстырды. Оқушыларға өз құқықтары мен міндеттері, мектептегі тәртіп ережелері және олардың жеке жауапкершілігі түсіндірілді. Сонымен қатар, тренингтің негізгі мақсаты – жасөспірімдердің эмоционалдық саулығын қолдау, жақсы көңіл-күйді сақтау жолдарын көрсету және позитивті әлеуметтік қарым-қатынасқа үйрету екені айтылды.

Келесі сөз кезегін мектеп психологы алды. Педагог-психолог тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйін көтеру және эмоцияларын түсіну мақсатында бірнеше жаттығулар ұйымдастырды:

1. «**Менің көңіл-күйім**» жаттығуы – әр оқушы өз эмоциясын бір сөзбен сипаттап айтты. Мысалы: «қуаныштымын», «толқып тұрмын», «ыңғайсыз сезінемін», «санағаттандым».
2. «**Сәлемдесу шеңбері**» жаттығуы – оқушылар бір-біріне жылы сөздер айтып, позитивті қарым-қатынас орнатты.
3. «**Жақсы көңіл-күй реценті**» жаттығуы – әр топ өздерінің күнделікті өмірде көңіл-күйді көтерудің жолдарын ойлап тауып, бөлісті.

Тренинг барысында оқушылар өз эмоцияларын ашық білдірді, сенімді орта қалыптасты. Жаттығулар оқушылардың өз сезімдерін түсінуіне, стрессті жеңілдету жолдарын меңгеруіне және мектептегі оң атмосфераны қалыптастыруға септігін тигізді.

Келесі сөз кезегін Т.Кендырбаева арнайы баяндама жасады. Әлеуметтік педагог өз баяндамасында оқушыларға мектеп пен отбасының бірлесе әрекет етуінің маңыздылығын түсіндірді. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу жолдары, Т.Кендырбаев ауіпті орта мен достық ықпалынан сақтану тақырыптарына тоқталды. Сонымен қатар, мектеп тарапынан әлеуметтік қолдау мен қауіпсіз орта қалыптастыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің
«Мектеп пен отбасы: адал әрі жауапты азаматты тәрбиелеудегі өзара
ынтымақтастық» тақырыбында өткен мектепшілік ата-аналар
жиналысының I отырысының
Хаттама

26.09.2025 жыл

Мақсатты аудитория: мектеп әкімшілігі, ата-аналар,

Қатысқан ата-аналар саны: 82

Қатыспағаны: 20

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1) Оқушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік қиындықтарын қалыптастыруда ата-ананың рөлі
Б.Ералиева -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 - 2) Отбасының булингке қарсы күрестегі рөлі
Ұ.Қалмұратова -мектеп психологы
 - 3) Мектепте ішкі тәртіп ережесін қалыптастыру , ұйымдастырылуы туралы
Д.ТІЖО Б.Шерімбетова
 - 4) Ата аналар комитетінің құрамын сайлау
- Тыңдалды: *Б.Ералиева –директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:*

Бүгінгі жиналысымыз жаңа оқу жылының басында өтіп отыр.Бұл бас қосуымыздың басты мақсаты – мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесі жолындағы ортақ міндеттерді айқындау, өскелең ұрпақты білімді, тәрбиелі, мәдениетті етіп қалыптастыру. Осы бағыттағы жұмыстарымызды бірлесе атқару үшін күн тәртібіне бірнеше маңызды мәселе енгізіліп отыр.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің
мектепшілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы

Қатысқандар:

Ата-ана: 91

Мұғалім: 65

Уақыты: 09.01.2026 ж

Күн тәртібінде:

1. Мектептің негізгі міндеті, басымдықтарына тоқталу. 2025-2026 оқу жылындағы
I жарты жылдық білім сапасына тоқталу

2. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен мектеп формасын сақтау мәдениеті және
сыртқы келбетке қойылатын талаптар (Оқу үрдісіндегі тәртіп, сабаққа
қатысу, рұқсатсыз себептер, телефон қолдану т.б.)

3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А. Асқарбекова «Білімді ұрпақ-
келешек тұтқасы» ата-аналар жиналысына келген әрбір ата-аналарға алғысын
айтты. Мектептің негізгі міндеті мен басымдықтарына тоқталды. ДДОЖО
Қ. Ажнтаев білім сапасы туралы және үздік, екінді оқушылар туралы мәлімет
берді. I жартыжылдықта 110-оқушы үздік, екінді-184. жалпы білім сапасы: 63,4

I-жарты жылдық барысында:

Диагностикалық бақылау жұмыстары алынды, тоқсандық және жартыжылдық
бақылау нәтижелері талданды. Үлгерімі төмен оқушылардың жұмысы талданды.
Мұғалімдердің әдістемелік жұмыстары талданды.

Екінші мәселе бойынша ДТЖО Б. Шерімбетова оқушылардың ішкі тәртіп
ережесі туралы баяндама оқыды. Баяндамада мектептегі оқушылардың сабаққа
қатысуы және сыртқы келбетіне қойылатын талаптар туралы айтып өтті. Ол сөз
сөзінде кара және көк түсті екенін және тізеден төмен болуы, классикалық
үлгіде, ұлдарда тобықтан жоғары болмауын атап айтты. Орта білім беру ұйымда-
рының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар ҚР Білім және ғылым
министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген. Мектеп
формасына түрлі дини конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға бол-
майтынын айтты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың
ұстаздар мәртебесін қорғауға байланысты жолдамасына терең тоқталды және
ата-аналарға түсіндірме жұмысын тааныстырды.

Жаңыкөл жалпы билим беретин мектеби
10 «А» сынып окушылары ата-аналар жиналысынын

Хаттамасы №1

04.09.2025ж Жаңыкөл жалпы билим беретин мектебинде 10 «А» сыныбында ата-аналар жиналысы болуп өтті.

Жалпы ата-аналар саны: 22

Катысканы: 13

Катыспаганы: 9

Сынып жетекшиси Баударбекова К.К.

Күн тәртіби:

1. Баяндама «Отбасы тәрбие бастауы»
2. Окушылардын жаңа оку жылында окулықтармен жабдыкталуу туралы
3. Жаңа оку жылындагы өзгерістермен танысу
4. Ата - аналар комитетин сайлау.
5. Өр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Жиналысты сынып жетекшиси К.Баударбекова ашып, жиналыска катысушы ата-аналарга күн тәртіби бойынша каралатын мәселелермен таныстырды.

1-ші мәселе бойынша сынып жетекши К.Баударбекова сөйледі. Алдымен ата-аналарды жаңа оку жылымен құттыктап, шаттык шеңбері тренингін өткізді. Ата - аналарды жаңа оку жылындагы өзгерістермен таныстырды. Өткен оку жылы корытындысы бойынша талдау жасады, сыныпты 2024-2025 оку жылы 21 окушы аяктап, бес үздік, алты екпінді, үлгермеуші окушы жок экенин айтып өтті. Биылгы оку жылындагы жаңалыктармен бөлісті және кітаптармен сынып окушылары камтамасыз етілгені жайлы ақпарат берді. Сыныпта жаңа оку жылында 22 окушы отырғаны туралы айтты.

2-мәселе бойынша комитет мүшесі Б.Оракбаева «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбында баяндама оқып, сөз соңында ата-аналар арасында «Балаңызга деген сүйіспеншілік» ойыны өткізіліп талқыланды. Ата-аналардан балаларды мектеп кабырғасында өтілетін іс-шараларда бейнероликке түсіруге келісім бойынша кол хат алынды.

3-мәселеде ата - аналар комитеті сайланды.

Ата - аналар комитеті төрайымы: Досекеева Ләзизат

Мүшелері: Даткабаева Алтынай

Атабаева Акбөпе

Сатымбек Арайлым

Оракбаева Бактыгүл